



**«Қарағанды техникалық
университеті» КЕ АҚ
директорлар Кеңесінің шешімімен
(№ 2 шешім 2021 жыл 28 сәуір)
Бекітілді**

**«Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ жеке үлгідегі білім туралы
құжаттарды толтыру ережесі**

Жалпы ережелер

1. «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ меншікті үлгідегі білім туралы құжаттарды толтыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының меншікті үлгідегі құжаттарды беруді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 08 желтоқсандағы № 512 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Ережелер «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ өзіндік үлгісіндегі білім туралы құжаттарды толтыру тәртібін айқындайды.

2. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың түрлері:

- бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом;
- магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом;
- магистр дипломына куәлік.
- философия докторы (PhD) дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом;
- бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом.

3. Білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткендігін куәландыратын және олардың тиісті білім беру деңгейін толық көлемде меңгергендігін растайтын аттестаттау комиссиясының шешімі «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ жеке үлгідегі құжаттарын беру үшін негіз болып табылады.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімі және «ҚарТУ» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломды беру үшін негіз болып табылады.

Нормативтік құжаттар

4. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
5. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 08 желтоқсандағы № 512 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өзіндік үлгідегі құжаттарды беруді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығы;
6. ҚР БҒМ 28.01.2015 ж. № 39 «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
7. ҚарТУ II-01-2020 «Құжатталған ақпаратты басқару» ҚП.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды толтыруға қойылатын талаптар

8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі диплом көлемі 297x210 мм диплом бланкісінен және көлемі 210x297 мм үш тілдегі (мемлекеттік, орыс, ағылшын) қосымшадан тұрады.

9. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың және оларға қосымшалардың барлық түрлері құжаттарды арнайы қорғау дәрежесімен қағазға басып шығаруды қамтамасыз ететін ұйымдарда басылады.

10. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі дипломдардың бланкілері типографиялық тәсілмен басылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом бланкісінің беткі жағында:

1) жоғарыда – «Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы деген жазу;

2) ортасында – «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ логотипінің бейнесі;

3) логотип бейнесінің астында – «Жоғары білім туралы диплом»/ «Магистр дипломы» немесе «Жоғары білім туралы үздік диплом» деген жазба бар.

11. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың барлық түрлерінің сериясы мен реттік нөмірі (жеті таңбалы нөмір) болады.

Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың мынадай сериялары бар:

1) бакалавр – ВА-А дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом;

2) магистр – МА-А дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом;

3) СМА-А магистр дипломының куәлігі.

4) философия докторы (PhD) – PhD дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом;

5) бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – PD.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар үшін реттік нөмірлеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілейді.

12. Диплом бланкісінің сыртқы беті мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде мынадай түрде толтырылады:

1) университет атауы;

2) аттестаттау комиссиясы хаттамасының күні, нөмірі;

3) оқуды аяқтаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) жеке басты куәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;

4) шетелдік азаматтың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) шетелдік паспорттың деректері бойынша жазылады;

5) берілетін дәреженің/біліктіліктің атауы;

6) білім беру бағдарламасының (мамандықтың) коды және атауы;

7) оқыту нысаны;

8) берілетін дипломның сериясы мен нөмірі, қаласы, берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), берілетін бланкілерді тіркеу журналы бойынша бланкінің тіркеу нөмірі;

9) QR-код;

10) Басқарма Төрағасы – Ректордың қолы;

11) «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ мөрі.

13. Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі жеке үлгідегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломға қосымшалар мынадай түрде толтырылады:

1) түлектің фамилиясы;

2) түлектің аты, әкесінің аты (бар болса) толық көрсетіледі;

3) түлектің туған күні (күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен));

4) «Алдыңғы білім туралы құжат» жолында осы тұлғаны «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ қабылдауға негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және оны берген жылы көрсетіледі. Егер алдыңғы білім туралы құжат шетелде

алынған жағдайда, оның мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріне аударылған атауы және осы құжат берілген елдің атауы көрсетіледі;

5) «Оқуға түсер алдындағы сынақтар» деген жолда құжаттың түрі, нөмірі, берілген күні көрсетіледі;

6) «Оқуға түсті» деген жолда тиісінше төрт таңбалы сандармен оқуға түскен жылы, сондай-ақ осы адам оқуға түскен оқу орнының толық атауы көрсетіледі;

7) «Оқуды аяқтады» деген жолда төрт таңбалы сандармен тиісінше оқу бітірген жылы, сондай-ақ «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ толық атауы көрсетіледі. Студент оқи алатын басқа оқу орындары көрсетілмейді;

8) «Игерілген академиялық кредиттердің жалпы саны-ECTS» жолында – кредиттер саны цифрлармен көрсетіледі;

9) «Оқытудың орташа өлшемді бағасы (GPA)» жолында – оқудың барлық кезеңіндегі орташа балл цифрлармен көрсетіледі;

10) «Кәсіптік практика» деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны – ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі);

11) «Қорытынды аттестаттау» деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны – ECTS және бағасы (әріптік баламада, балдарда және дәстүрлі (жазумен)) көрсетіледі. Егер кешенді емтихан тапсырылса, онда кешенді емтиханға кіретін пәндердің атауы көрсетіледі және бір баға қойылады;

12) «Орындау және қорғау» деген жолда «тақырыпқа» деген сөздер жазылады, ал магистрлер үшін – «тақырыпқа арналған магистрлік диссертация», бітіру жұмысының тақырыбы тырнақшаларда, бітіру жұмысын орындау үшін белгіленген кредиттердің саны және бағалау (әріптік баламада, балдарда және дәстүрлі (жазумен));

13) «Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі» жолында мынадай деңгей цифрларымен көрсетіледі: бакалавриат үшін – 6, магистратура үшін – 7;

14) «Теориялық оқыту» деген жолда оқытылған пәндердің атауы, пәндердің кодтары, академиялық кредиттердің саны, бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі);

15) «Академиялық кредиттер саны – теориялық оқытудың ECTS» жолында-теориялық оқыту кредиттерінің саны цифрлармен көрсетіледі;

16) «Аттестаттау комиссиясының шешімімен» деген жолда хаттаманың нөмірі және күні цифрлармен көрсетіледі;

17) «берілді (игерілді)» деген жолда дәреже / біліктілік көрсетіледі;

18) «Мамандық және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша» деген жолда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы көрсетіледі.

14. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі дипломға қосымшаларда берілетін дипломның сериясы мен нөмірі, берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), тіркеу журналы бойынша тіркеу нөмірі көрсетіледі. Қосымшаларға проректор қол қояды. Мөрге бөлінген орынға «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ мөрі қойылады.

15. Өзіндік үлгідегі магистр дипломына куәлік көлемі 297x210 ММ куәлік бланкісінен тұрады және үш тілде (мемлекеттік, орыс, ағылшын) толтырылады.

16. Жеке үлгідегі магистр куәлігінің беткі жағында төмендегілер орналасады:

1) жоғарыда – «Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы деген жазу;

2) ортасында – «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ логотипінің бейнесі;

3) логотип бейнесінің астында – «Магистр дипломына куәлік» сөзі.

17. өзіндік үлгідегі магистр дипломына куәлік келесідей толтырылады:

1) куәліктің сериясы мен нөмірі;

2) оқуды аяқтаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) жеке басты куәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;

- 3) мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы;
 - 4) оқу кезеңі;
 - 5) «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ толық атауы;
 - 6) академиялық көрсеткіштер: пәндердің атауы, академиялық кредиттердің саны, баға (әріптік баламада, балмен);
 - 7) практика туралы мәліметтер: практика атауы, академиялық кредиттер саны, бағалау (әріптік баламада, балмен);
 - 8) проректор мен хатшының қолы;
 - 9) берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен);
 - 10) «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ мөрі;
 - 11) QR-код.
18. Дипломға қосымшасыз өзіндік үлгідегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді бітіргені туралы диплом жарамсыз болады.
19. Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттар «Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ түлектеріне тиісті шешім қабылданған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей тегін негізде беріледі.
20. Құжаттарды жеке алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, олар үшінші тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделген сенімхат бойынша беріледі.

**«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ**

**Директорлар кеңесі отырысының
№ 3 ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ**

27 сәуір 2022 ж.

Қарағанды қ.,
Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 56

**НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«КАРАГАНДИНСКИЙ
ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБЫЛКАСА САГИНОВА»**

**ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА № 3
заседания Совета директоров**

27 апреля 2022 г.

г. Караганда,
пр. Нурсултана Назарбаева, 56

Төраға – Ерғалиев К.А.

Корпоративтік хатшы – Жижите А.

Директорлар кеңесінің мүшелері: Ерғалиев К.А., Ибатов М.К., Мусин С.К., Кенжин Б.М. қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікірді А. А. Жайжұманова ұсынды.

Кворум туралы ақпарат: Кворум бар.

Шақырылғандар: Темербаева А.М., Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Хуанган Н.Х., Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Абильтусупова А.Х., бас бухгалтер.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қарағанды техникалық университеті КеАҚ Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарға өзгерістер енгізу туралы.

Баяндамашы: Жижите А., корпоративтік хатшы.

1. Бірінші мәселе «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесімен бекітілген құжаттарға өзгерістер енгізу туралы» бойынша

ТЫҢДАҒАНДАР: Корпоративтік хатшы А. Жижите Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 ақпандағы №67 Қаулысы негізінде «Қарағанды техникалық университеті» Ке АҚ Әбілқас Сағыновтың есімі берілгенін хабарлады. «Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы» №99 бұйрығына және 31.03.2022 ж. Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамаға сәйкес Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарда Қоғамның атауын «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы деп өзгерту қажет.

Талқылау барысында директорлар Кеңесі бекіткен құжаттарда қоғам атауының «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына өзгеруін бекіту ұсынылды.

Бұл мәселе дауыс беруге шығарылды.

«қолдағандар» – 5 адам (Ерғалиев К.А., Ибатов М.К., Мусин С.К., Кенжин Б.М., А. А. Жайжұманованың жазбаша пікірін ескере отырып);

«қарсы болғандар» – жоқ;

«қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім 5 дауыспен қабылданды.

ШЕШТІ: Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарда қоғамның атауындағы өзгеріс тізім бойынша бекітілсін (1 – қосымша)

Корпоративтік хатшы

А. Жижите



**«Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі
бекіткен құжаттарға өзгерістер енгізу туралы» мәселе бойынша
Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі шешіміне**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 ақпандағы №67 Қаулысы негізінде «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-на Әбілқас Сағыновтың есімі берілді. «Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 16 наурыздағы № 99 бұйрығына және 31.03.2022 ж. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамаға сәйкес Директорлар Кеңесі бекіткен мынадай құжаттарда қоғамның атауын «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына өзгерту бекітілсін:

1. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректорын іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (01.10.2020 ж. № 1 хаттама);

2. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ корпоративтік хатшысы туралы ереже (01.10.2020 ж. № 1 хаттама);

3. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ұйымдық құрылымы (01.10.2020 ж. № 1 хаттама);

4. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі туралы ереже (30.11.2020 ж. № 3 хаттама);

5. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ аудит жөніндегі комитеті туралы ереже (30.11.2020 ж. № 3 хаттама);

6. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ереже (30.11.2020 ж. № 3 хаттама);

7. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереже (30.11.2020 ж. № 3 хаттама);

8. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспары (22.12.2020 ж. № 4 хаттама);

9. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі құжаттарының жіктеуіші (22.12.2020 ж. № 4 хаттама);

10. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналасу ережелері (22.06.2021 ж. № 4 хаттама);

11. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ оқуға қабылдау ережесі (22.06.2021 ж. № 4 хаттама);

12. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқармасы туралы ереже (20.08.2021 ж. № 6 хаттама);

13. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ есеп саясаты (30.09.2021 ж. № 7 хаттама);

14. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібі, еңбекақы және сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары туралы ереже (30.09.2021 ж. № 7 хаттама);

15. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже (30.09.2021 ж. № 7 хаттама);

16. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының, Басқарма мүшелері мен бас бухгалтерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы ереже (27.10.2021 ж. № 8 хаттама);

17. Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ мүлкін сату жөніндегі комиссияның жұмысы туралы ереже (24.11.2021 ж. № 9 хаттама);

18. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ өзіндік үлгідегі білімі туралы дипломдары (23.12.2021 ж. № 10 хаттама);

19. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ жеке үлгідегі білімі туралы құжаттарды толтыру ережесі (23.12.2021 ж. № 10 хаттама);

20. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық (23.12.2021 ж. № 10 хаттама);

21. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары (24.02.2022 ж. № 2 хаттама);

22. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары (24.02.2022 ж. № 2 хаттама)

Корпоративтік хатшы



А. Жижите